

№8. Т. Бегманова жалпы орта мектебі кмм 2023-2024 оқу жылындағы ата-
аналар комитетінің құрамы

№	Аты- жөні	Қызмет лауазымы	Ұлты	білімі	телефон	мекенжай ы
1	Марасилов. М.	Кеңес тәрағасы	өзбек	орта	87719643162	Шұқырсай е/м
2	Смаилов. Қ..	Тәраға орынбасар ы	қазақ	арнау лы орта	87763552407	Абай.а
3	Акимов. Е	Тәраға орынбасар ы	өзбек	орта	87763013030	Шұқырсай е/м
4	Есенова. М.	мүшелері	өзбек	жоғар ы	87054836726	Абай.а
5	Селтаев.О.	мүшелері	қазақ	орта	87756251800	Аққорған. е/м
6	Смайллов.З.	мүшелері	өзбек	орта	87058695000	Аққорған е/м
7	Тұрсынбаев. А.	мүшелері	өзбек	орта	87763063388	Абай.а

Мектеп директоры мұна:



Мұстафаева: К.

Бекітемін:

Мектеп директоры мұа:-Ж.К. Мустафаева.

№8. Т. Бегманова жалпы орта мектебі кмм ата-аналар комитетінің
іс жоспары

2023-2024оқу жылы

№	Істелінетін жұмыстар	мерзімі	жауаптылар
1	Ата-аналар кеңесінің жұмысын жоспарлау. Кезектегі мәселелер.	29.08.2023.ж	Ата-аналар кеңесінің төрағасы. ДТІЖО
2	Ата-аналармен пікірлесу	01.09-09.09	Сынып жетекшілер, ата-аналар кеңесі
3	1- Тоқсан қорытындысы. Балалардың жетістіктері туралы ата-аналарға хат	01.11-07.11	Сынып жетекшілер Ата-аналар кеңесі
4	Сауданама өткізу «Сіз қандай ата-анасыз»	қараша	Психолог, сынып жетекшілер
5	Сабакқа келмей жүрген оқушылардың үйіне рейдүйімдастыру	қараша	Ата-аналар кеңесі Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер
6	Жарты жылдық қорытынды	желтоқсан	Ата-аналар кеңесі Мектеп әкімшілігі
7	Сауданама өткізу «Отбасында бала тәрбиесімен кім айналысады»	қаңтар	Ата-аналар кеңесі Мектеп әкімшілігі
8	«Ата-ана болам десеніз» Коучинг сабак	ақпан	Мектеп әкімшілігі
9	Дөңгелек үстел «Үштік одақ: ата-ана, мұғалім, оқушы» арасындағы қарым-қатынас	наурыз	Ата-аналар кеңесі Мектеп әкімшілігі
10	Ата-аналармен жеке пікірлесу; Емтиханға дайындық жұмыстары	сәуір	Ата-аналар кеңесі Мектеп әкімшілігі
11	Жылдық қорытынды	мамыр	Ата-аналар кеңесі Мектеп әкімшілігі

Ата-аналар кеңесінің төрағасы:



Марасилов. М.

**№ 8 Т.Бегманова атындағы жалпы орта мектебінде
ата-аналар жиналышының хаттамасы**

Откен мерзімі: 27.09.2023 жыл

✓

Катысушылар: Мектеп директоры м.у.а. К.Мустафаева

ДТІЖО Н.Сапарбеков, М.Абдиев

.Педагог психолог С.Тұяқбаева

Ата-аналар-103

Сынып жетекшілер-21

Күн тәртібінде:

1. Жиналышты ашып, тақырыппен таныстыру: *МД м.у.а: К.Мустафаева*

2. «Құқық бұзушылықтың алдын алу – басты міндеп»

Баяндамашы: ДТІЖО: М.Абдиев

3. «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында : *педагог-
психолог С.Тұяқбаева*

4. Басқада мәселелер бойынша : *ДТІЖО: Н.Сапарбеков*

Тындалды:

Құқық бұзушылықты алдын алу мақсатында «Бала қауіпсіздігі басты назарда» тақырыбында мектеп директоры м.у.а.К.Мустафаева сөзге шығып, Қазақстанда салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндептің бірі – бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу. Егер жалпы айтқанда зомбылықты физикалық қасірет көрсету әрекеті деп анықтауы болса, онда тұрмыстық зомбылықта осы әрекеттің бастауы мен айқындау нүктесі анық белгіленеді. Ол – жанұя, яғни зұлымдықшы мен оның жемтігі ең жақын адамдар болады. Олар – жұбайлар мен балалар. Отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі әлемнің әр елінде ертеден орын алған. Зорлық балалардың денелік және психологиялық денсаулықтары және жан-жақты дамулары үшін ауыр мashaқат болып табылады. Конвенцияда балаларға қатысты зорлықтың қандай да түрі болсын, қай жерде болсын ешқандай ақтала алмайды делінген. Зорлық көрген балалар көбінесе тاماқтанбайды да түрлі ауруларға ұшырайды, мектепте нашар оқиды, өзін – өзі бағалауы төмен болады. Конвенцияға сәйкес балаларға қатысты зорлық көрсету адам құқықтарының бұзылғандығын білдіреді..

ДТІЖО М.Абдиев сөзге шығып, Бала құқығы туралы Конвенцияда балалардың барлық зорлық түрлерінен қорғалуға құқығы бар екендігі көрсетілген. Балаға қатысты зорлық-бұл дene немесе эмоционалды қатал қарым-қатынас, қаңғыбастық немесе ата-ана міндептерінен ауытқуы, баланың денсаулығына, дамуына немесе намысына, сеніміне зиян келтіретін барлық формалардың түрлері болып саналады. Әрбір адам өзінің айналасындағы адам баласына, жануарларға, тірі табиғатқа зиянын тигізбеу керек деді.

ДТІЖО Н.Сапарбеков сөзге шығып, түнде сағат 22:00 дең кейін оқушылардың көшеде жүруіне болмайтынын, мешітке баруға болмайтынын, сабактан қалдырмауды және әрбір бала 18 жасқа толғанша оқуына, киіміне, тәрбиесіне ата-аналар жауапты екенін айтты.

№ 8 Т.Бегманова атындағы жалпы орта мектебінде
ата-аналар жиналышының хаттамасы

№ 2

Откен мерзімі: 21.11.2023 жыл

Қатысушылар: Мектеп директоры М.Амирова
ДТІЖО Н.Сапарбеков, М.Абдиев
Педагог-психолог К.Байтасова
Ата-аналар-223
Сынып жетекшілер-36

Күн тәртібінде:

1. Окушылардың сабакқа қатысу деңгейі
2. Сыныпта буллинг пен кибербуллингті болдырмау мен алдын алуда ата-ананың рөлі
3. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы»
4. Кезектегі мәселелер

Тыңдалды:

Мектеп директоры М.Амирова сөзге шығып, осы мектепке жақында директор лауазымына тағайындалғанын айтып, өзін таныстыруды, күн тәртібіндегі мәселелді айтып өтті.

ДТІЖО Н.Сапарбеков сөзге шығып, Біртұтас тәрбие жоспары бойынша 1-тоқсанда атқарылған іс-шаралар есебін айтып өтті. Ата-аналарды мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыруды. Мектеп директоры мен ата-аналар арасында жасалған екі жақты келісімшартты таныстырып, қол қою керектігін айтты.

Ешқандай себепсіз окушы сабактан қалса, ҚР-ның Конституциясының 30-бабына сәйкес орта білім алу міндетті деп көрсетілген. Сонымен қатар, ҚР «Неке және отбасы жөніндегі» Заңының 62-бабы, 3-тармағында ата-ана баласының орта білім алуын қамтамасыз етуге міндеттелінген. ҚР «Білім туралы» Заңының 49-бабы, 2-тармағының 4-тармақшасында ата-анасы немесе занды өкілдері балалардың оку орындағы сабакқа баруын қамтамасыз етуге міндетті. Жоғарыда келтірілген зандарды бұзу әкімшілік жауапкершілікке әкеп согатының назарыныңға жеткіземіз. Атап айтқанда, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР-ның Кодексінің 409-бабы, 2-тармағында ата-аналардың немесе өзге занды өкілдердің ҚР-ның білім беру саласындағы заңнамасында көзделген міндеттерді орындамауы немесе тиісінше орындамауы айыппұл салуга әкеп согатының қатаң ескертеміз. Соңдықтан құрметті ата-аналар окушыларды ешқандай себепсіз сабактан алып қалмаңыздар. Бала ауырып немесе басқа да жағдай болған кезде тез арада сыннып жетекшісіне хабар берулеріңізді сұраймыз деді.

Окушылардың сабактан көп қалып және кешігіп келіп жүргенін айтты. Азанда ертерек тұрғызып, сабактан қалдырмауды және әрбір бала 18 жасқа толғанша окуына, киіміне, тәрбиесіне ата-аналар жауапты екенін айтты.

Мектеп психологы К.Байтасова сөзге шығып, әлемде қазіргі ең өзекті мәселелердің біріне айналып отырған – бұл жасөспірімдердің, балалардың зорлық – зомбылыққа ұшырауы. Барлық балалар үйінде, мектепте және басқа да қогамдық мекемелерде күнделікті қатығездікпен және зорлық – зомбылықпен ұшырасып отырады. Баланың болашақта қандай азamat болуы оның мектепте, отбасында қоршаган ортада алған тәрбиесіне байланысты. Балалар да, ересектер сияқты сыйлау, қол тигізбеу және

№ 8 Т.Бегманова атындағы жалпы орта мектебіндегі
ата-аналар жиналышының хаттамасы

№ 8

Откен мерзімі: 07.12.2023 жыл

Катысушылар: ДТІЖО К.Мустафаева, М.Абдиев

Педагог-психолог С.Тұяқбаева К.Байтасова

Ата-аналар-223

Сынып жетекшілер-36

Күн тәртібінде:

1. Ата –аналар мен балалары мен қарым қатынасты жақсарту, жанжағына мейірімді, адаптацияның қарым қатынастарын анықтауда маңыздылықтың алдын алауда ата-аналардың рөлі
2. Сыныпта буллинг пен кибербуллингті болдырмау мен алдын алауда ата-аналардың рөлі
3. Зорлық-зомбылықтың алдын алу 16—күн науқанын откізу маңыздылығы

Тындалды:

ДТІЖО К.Мустафаева сөзге шығып, Адамға қойылатын басты талап-асыл да ізгі адами касиеттерді бойына сінірген, ұлагатты азамат болып шығу. Өйткені адам-өзінің имандылығымен, қайырымдылығымен, адалдығымен және әділеттігімен ардақты. Адамда жақсы қасиет болмаса, оған бақ та, бақыт та қонбайды. Сондықта әдептілікті, жанжағына мейірімді, адаптацияның қарым қатынастарын анықтауда маңыздылықтың алдын алауда ата-аналардың рөлі

Мектеп психологы К.Байтасова сөзге шығып, әлемде қазіргі ең өзекті мәселелердің біріне айналып отырған – бұл жасөспірімдердің, балалардың зорлық – зомбылыққа ұшырауы. Барлық балалар үйінде, мектепте және басқа да қоғамдық мекемелерде күнделікті қатыгездікпен және зорлық – зомбылықпен ұшырасып отырады. Баланың болашақта қандай азамат болуы оның мектепте, отбасында қоршаған оргада алған тәрбиесіне байланысты. Балалар да, ересектер сияқты сыйлау, қол тигізбеу және адамзаттық абыройын сақтау құқықтарына ие. «Мектеп және мектептен тыс оргада психологиялық және физиологиялық зорлық-зомбылық» тақырыбында видео ролик көрсетіліп, балаға ата-ана көбірек уақыт бөлу керек, әрбір ата-ана, сынып жетекшілер балалармен жеке сөйлесу, әрекеттерін қадағалау керек. Жеке немесе отбасында отырғанда өмірге деген құштарлығын арттырып, жақсы мысалдар келтіріп, жақсы сөздер айтту керек деп сөзін аяқтады.


Мектеп психологы С.Тұяқбаева сөзге шығып, "Зорлық-зомбылық адам баласына тән қасиет емес, оның адамзатқа келтіретін зияны туралы мәліметтер айтып өтті. Жан-жақты мәліметтер мен көптеген деректер, болып жатқан оқиғалардан мысалдар келтірді, осы оқиғалардың біздің өміріміз де орын алмауын қатаң түрде қадап айтты.


Жарыс сөзге:

Ата-ана Акимова Наргиза сөзге шығып, өз балаларымызға жақсы тәрбие беру біздің міндеттіміз, уақыттарын үнемдеу және білімге деген қызығушылықтарын арттыру маңыздылығымен барынша еңбекті өзімізден бастауымыз керек, тәрбие отбасынан басталады дегенді ұмытпауымыз керек. Баланы маңатқа бағыттау үшін, мейірімділігімізді арттырайық, жауапкершілікпен қарайық деген пікір айтты.

Қаулы:

1. Ата-ана сынып жетекшімен тығыз байланыста болып, баласының күнделікті көніл күйіне мән беруі керек. Кибербуллингтің алдын алу маңыздылығында оқушылардың әлеуметтік желіге кіруін қадағалау ата-аналарға міндеттелсін.
2. Оқушылардың мектеп формасында келуі, кешікпеуі қадағалансын. Ата-ана жиналыштары үнемі жүргізілсін.

ДТІЖО:  М.Абдиев

Хатшы:  Ш.Кильбаева

№8 Т.Бегманова атындағы жалпы білім беретін мектебі

Ата-аналар жиналышының хаттамасы № 4

18 қаңтар 2024 жыл

Қатысқандар: ата аналар, ауыл билері, ауыл имамдары, мұгалімдер және мектеп инспекторлары

Күн тәртібінде З мәселе қаралды:

1. Отбасы-тәrbие бастауы.

Баяндамашы: Н.Сапарбеков директордың тәrbие ісі жөніндегі орынбасары

2. Ерте жүктіліктің алдын алу.

Баяндамашы: С.Тұяқбаева мектеп психологы

3. Мектеп әлеуметтік педагогының жарты жылдық есебі.

Баяндамашы Ж.Абдрахманова мектептің әлеуметтік педагогі

4. Әртүрлі қосымша мәселелер

Жиналысты ата-аналар комитетінің төрағасы М.Марасилов жүргізді.

Бірінші мәселе бойынша директордың тәrbие ісі жөніндегі орынбасары Нұрлан Сапарбеков отбасында берілген тәrbиенің маңызы мен ата-ана жауапкершілігі туралы айтты. Сонымен қатар телефонның зиянды жағының, сабактарда оқушылардың көңілі ауытқып отыратындығын баяндады.

Екінші мәселе бойынша мектеп психологі Тұяқбаева Сәуле қазіргі таңда ерте жүктіліктің белен алуды мен оқушы қыздар арасында орын алғып жатқандығын, ол жағдайды болдырмау үшін отбасында ұл мен қыздың жатын орындарының және бөлмелерінің бөлек болуының қажеттілігін айтып түсіндірді. Сонымен қатар осы мәселеде аналардың қыздарымен сырлас болып, отбасындағы тәrbиеге әсіресе ұялы телефонды оқушы балалардың қолдаған уақытында кіretін сайттары мен ойнайтын ойындарына аса мән беру қажеттілігін айтты. Сөз соңында қысқаметражды видеоролик көрсетіп қорытындылады.

Үшінші мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогі Жанат Абдрахманова мектептің қазіргі таңдағы әлеуметтік картасымен алдыңғы оқу жылын салыстыра отырып есеп берді. Өткен оқу жылында әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан 80 бала тегін тاماқпен қамтылса, қазіргі таңда 40 баланың тاماқтанатынын және бұл жағдайдың жақсаруымен байланысты деп түсіндірді. Дегенмен біздің мектепте әлеуметтік жағдайы төмен отбасына кіretін отбасылар саны бойынша жоғары пайызды көрсетіп тұр деді. Сонымен қатар өткен оқу жылының басында мектепке дайындық жүргізуде қамқоршылық танытқан, балаларға киім-кешек және қалам-дәптер, сөмкелер әптерген демеушілерді атап өтті.

Төртінші әртүрлі мәселе бойынша мектеп инспекторы Қоштаев Тойлыбай тәrtіp бұзушылық пен кешкі уақыттарда балаларды көшеге

шығармау қажеттілігін, ата-ана жауапкершілігін және көмелетке толмаған балаға ең бірінші ата-анасының жауапты және оқушылардың үш күн мектепке келмесе оның да жауапкершілігі бар екеніндігін ескерту.

Аққорған ауыл биі Смаилов Жұмағали ақсақал өз ұсыныстарын айта отырып, оқушыларға мұғалімдермен қатар ата-аналарда көшеде жүрудің жол ережесін айтып отыру керегін, барлығымыз үшін ең бастысы баланың өмір-қауіпсіздігі деді. Мектеп оқушыларының жұмага қатысуы шарт емес екендігін де айтты.

Ата-аналар жиналышының қаулысы:

1. Оқушылардың мектепке телефон акелуге тыйым салынын, сабак уақытында алынған телефон жыл соңында қайтарылсын.
2. Шұқырсай елді мекеніне автобус келгенде күтіп алуға және шығарып салуға ата аналар тараҧынан кезекші койылсын.
3. Оқушылардың тұнгі уақытта ата-ана қарауынсыз көшеде жүрмесін.

Жиналыш торағасы:  М.Марасилов.

Хатшы:



Ш.Килембаева

№8 Т.Бегманова атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің ата-аналар жиналысының
ХАТТАМАСЫ

21.02.2024ж

№5

Абай ауыты

Қатысқандар:

Абай ауыл әкімінің қызметкері Алтыбаев Қыдырбай
Ауыл би Смайлов Жұмағали
Ардагерлер кеңесінің мүшесі Сұлтанов Рахматулла
Ювеналдық полиция инспекторы Қоштаев Тойлыбай
Имам Момбеков Нұрбек
Ата-аналар – 83
Сынып жетекшілер - 19
ДПІЖО – Н.Сапарбеков, М.Абдиев
Педагог психолог – С.Тұяқбаева

Күн тәртібінде:

- «Кемелетке толмағандар арасында құқықбұзушылық пен қытмыстың, ерте жүктіліктің, зорлық-зомбылықтың, сүйцидтің, әлімжеттіліктің, буллингтің және діни экстремизммен тороризмнің» алдын алу

Тыңдалды:

Мектеп директоры Амирова Меруерт жиналысты бастап берді.
Имам Момбеков Нұрбек сөзге шығып, баланы бесіктен тәрбиелеу керек, бала тәрбиесі бәрімізге ортақ сондықтан азанда ерте тұрғызып, мектепке кешікпей, формамен келуіне ата-ана жауапты.

Мектептің полиция қызметкері Қоштаев Тойлыбай сөзге шығып, жиналыстың басты себебінің бірі телефон, балаңыздың телефонын текстеп қадағалап отырыңыздар. Тұрлі ойындарға, тыйым салынған сайттарға кіріп кетпесін. Тұнгі мезгілде магазиндерге темекі және т.б. заттарға жұмсамаңыздар. Баланың міндегі мектепке келіп білім алу.

Ардагерлер кеңесінің мүшесі Сұлтанов Рахматулла сөзге шығып, жастар мәселесі тәрбиесі қын болып бара жатыр. Егер біз бала санасына жететін тәрбие берсек құқықбұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын аламыз. «Ақылды таққа отырғаннан емес, отырып кеткеннен сұра» деген. «Бір ата-ананың берген тәрбиесін мың мектеп бере алмайды» сондықтан үйде балаға көбірек көңіл бөліңіздер.

Келесі кезекте сөзге шыққан ауыл би Смайлов Жұмағали бүндай жиналыстар барлық мектептерде өтіп жатқанын айтты. Оқушының міндегі білім алу, сабактан қалмау. Балаларыңызды жұмысқа кафе, тойханаларға жіберменіздер. Окушы 40 сабак сабактан қалса полицияға тізімі беріледі.

Жиналыс соңында мектеп әкімшілігі облыстық, республикалық байқауларда жетістікке жеткен окушылар мен олардың ата-аналарын Алғыс хаттармен маралаттады.

ҚАУЛЫ:

- Ата-аналар мектеппен үнемі тығыз байланыста болсын.
- Тұнгі уақытта балалардың көшеде жүрмеуін қадағалау ата-аналарға қатаң ескертілсін.
- Окушылар мектепке формамен келуін, ұялы телефон әкелмеуін қадағалау сынып жетекшілер мен ата-аналарға міндегтелсін.

Жиналыс төрайымы: /  М.Амирова

Жиналыс хатшы:  Ш.Кильбаева

№ 8 Т.Бегманова атындағы жалпы білім беретін мектебінде ата-аналар жиналышының
ХАТТАМАСЫ

Откен мерзімі: 20.03.2024 ж.

№ 6

Қатысушылар: Мектеп директоры М.Амирова

ДТІЖО Н.Сапарбеков, М.Абдиев

Педагог психолог С.Тұяқбаева, К.Байтасова

Ата-аналар-63

Сынып жетекшілер-26

Күн тәртібінде:

1. Қоктемгі каникул кезінде құқықбұзушылықты алдын алу.
2. Үй-жайдан тыс жерлерде (мешіттерде, дүкендерде, көшеде т.б.) өз бетінше жүрмеуін қадағалау.
3. «Ерте жұктіліктің алдын алу» түсіндірме жұмысы
4. Кезектегі мәселелер

Тындалды:

Мекетеп директоры созге шығып, күн тәртібіндегі мәселелрмен таныстырып, алдағы қоктемгі каникул кезінде оқушылар тұнгі мезгілде өз бетінше жүрмеу керектігін айтып түсіндірді. 19 наурыз бел 11 сәуір күндері аралығында аудандық прокуратура және полиция қызметкерлері, сондай-ақ, мектеп мұғалімдерінен құралған мобиЛЬДІ топ мүшелері мөлтек аудандар бойынша профилактикалық рейдтік іс-шаралар үйымдастырылатынын айтып өтті.


ДТІЖО Н.Сапарбеков сөзге шығып, тұнде сағат 22:00 ден кейін оқушылардың көшеде жүруіне болмайтынын, жалғыз өзі (әкесі немесе ағасының) мешітке баруга болмайтынын ескертті. Үй-жайдан тыс жерде үсталған жағдайда әкімшілік айыппұл салынатынын айтып түсіндірді.

Мектеп психологы С.Тұяқбаева сөзге шығып, «Психологиялық және эмоционалдық зорлық-зомбылық» тақырыбында видео ролик көрсетіліп, балаға ата-ана көбірек уақыт бөлу керек деді. 2023-2024 оку жылында мектеп оқушылары арасында психологиялық зерделеу жұмысы болғандығын, кемшиліктерді жою жөнінде айттылды. Сол үшін әрбір ата-ана сынып жетекшілер бадалармен жеке сөйлесу әрекеттерін қадағалау керек. Жеке немесе отбасында отырганда өмірге деген құштарлығын арттырып, жақсы мысалдар келтіріп, жақсы сөздер айттып, мектепте үйірмелерге қатысуына ықпал ету қеректігін айттып сөзін аяқтады.

Қаулы:

1. Тұнгі мезгілде оқушылар ата-аналарының үй-жайдан тыс жерде (мешіттерде, дүкендерде, көшеде т.б. жерлерде) жүрмеуі қатаң қадағалансын.
2. Рейд кезінде үй-жайдан тыс жерде анықталған оқушыларды дер кезінде үйлеріне кайтарып, ата-аналарымен жедел хабарласып, түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Жиналыш төрағасы:


Н.Сапарбеков

Хатшы:


Ш.Құлышбаева

**№ 8 Т.Бегманова атындағы жалпы орта білім беретін коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің 5-8 сынып оқушыларымен өткізілген жиналыстың
ХАТТАМАСЫ**

09.04.2024 жыл

Аққорған ауылы

Қатысқандар:

ДТІЖО-Н.Сапарбеков

Медбике -А.Сұлтанова,Р.Абдиева

Сынып жетекшілер-11

Оқушылар-5-8 сынып

Күн тәртібінде:

1. «Салауатты өмір салты-бұл дұрыс тамақтану»
2. Алкаголь, нашақорлық, темекі шегу зияны

Мектеп медбикесі Р.Абдиева сөзге шығып дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі басты шарты – дұрыс тамақтану . Сондықтан тамақтануға ерекше көңіл бөлгөн жөн. Тамақ құрамының құндылығы басты назарда болғаны дұрыс. Тиімді, дұрыс тамақтану денсаулықты сақтауға, организмнің қалыпты өсуі мен дамуына, жұмыс қабілетінің жоғарылауына және организмнің қоршаған ортаның әртүрлі жағымсыз әсеріне қарсылығын күшетуге ықпалын тигізеді деді.

Дұрыс тамақтану ережелері:

- тамақты үстелдің басында отырып қабылдау керек.
Егер тамаққа зейін салмаған жағдайда, адам тойғанын білмей қалып, артығымен тамақтанады.
 - тамақты асықпай, мұқият шайнап, тамақтану режимін сақтап жеу керек.
Тамақты жиі және аз мөлшерде, күніне бес рет қабылдаған жөн.
 - таңертеңгі асты мұқият қабылдау.
- Егер организм 10-12 сағат тамақ қабылдамаса, онда организмдегі қант азайып кетеді. Дұрыс тамақтанудың негізгі шарттары:
1. Тағамның құрамында негізгі қоректік заттар (белок, көмірсу, май) болуы тиіс.
 2. Тамақ рационында (дәрумендер, тағамдық талшықтар) болуы тиіс.
 4. Тәулік бойы тамақтану тәртібін, мөлшерін сақтау.
 5. Тағамдар санитарлық-гигиена талаптарына сәйкес болуы керек. Тамақтану адамның өмірлік қажеттігі және денсаулық кепілі. Ас-адамның арқауы, ағза дене жүктемесіндеған емес, тыныштық жағдайында да шығындайтын қуат көзі. Ас ішу біздің жасушаларымыз бен тіндерімізді жаңартуға мүмкіндік береді. Дұрыс тамақтану жүрек-қантамыр, асқазан-ішек жолдары, қантдиабеті, остеопороз, онкологиялық аурулардың алдынашынан үшін, сыртқы орта әсеріне қарсы тұру үшін, ағзаның жұмысқа қабілеттілігін арттыру үшін, белсененді ұзақ өмір сүру үшін қажет. Салауатты тамақтану және жоғары дәне белсенделілігі, спорт пен шұғылдану, күйзеліс пен күресе білу, темекіден,

ішімдіктен бас тарту жолымен салауатты өмір салтын ұстану арқылы аурулардың алдын алып, денсаулықты және тартымды келбетті сақтап, сұлу да сымбатты, тәні мен жаныжас, белсенді болып жүруінізге болады деді. Екінші сөзге шыққан мектеп медбикесі А.Султанова денсаулыққа зиянды факторлар – алкогализм, шылым шегу және нашақорлық туралы көп айтылды және айтылып жүр. Алкоголь мен никотин «мәдени» улар деп аталады. Дәл осы «мәдени» улар еңбек ұжымдарында, отбасыларда көптеген қынышылықтар мен қасірет әкеледі, олар қоғам үшін әлеуметтік зұлымдық болып табылады. Зиянды әдеттердің салдарынан өмір сүру ұзақтығы қысқарып, халықтың өлім-жітім көрсеткіші артып, ақаулы үрпақ дүниеге келеді. Зиянды әдеттермен куресудің басты «қаруы» – ақпарат беру. Әрбір адам олардың адам ағзасына келтіретін зияны туралы білуі керек. Жаман әдеттермен куресуге болады және куресу қажет. Оларды жою үшін салауатты өмір салтын ұстану керек, спортпен шұғылданып, дұрыс тамақтану керек және мақсатқа жете білу керек. Ең бастысы, жақын адамдарының амандығын есте сақтаңыз және қамқорлық жасаңыз деп сөзін аяқтады.

Жиналыс төрағасы:

 Н.Сапарбеков

Хатшы:

 Ш.Қилембаева

**«№ 8 Т.Бегманова атындағы жалпы білім беретін мектеп»кмм
11 сыйнып оқушылармен және ата-аналарымен өткен жиналыстың
хаттамасы**

23.05.2024 ж.

Қатысқандар:

Келес АПБ ЖПҚ ЮПТ-ның инспекторы- Т.Қоштаев

ДТІЖО -М.Абдиев, Н.Сапарбеков

Ата-аналар -33

Сыйнып жетекшілер-3

Күн тәртібінде:

1. «Соңғы қоңырау» мерекелік іс-шараның өткізу ережесі;
2. Мектепте жөндеу жұмыстарына және мұғалімдерге сыйлыққа ақша жинаудың алдын алу;
3. Мерекелік іс-шарарадан соң серуенге, банкет өткізуге, кафе, барларға, табиғат аясына шығуға, автокеруен жасаға тыйым салынатынын ескерту;

Тыңдалды :

ДТІЖО –Н.Сапарбеков сөзге шығып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023-2024 оқу жылдарының қорытындысы бойынша жалпы білім беретін ұйымдарда мектеп бітіру іс-шарасын өткізу туралы ұсынымына сәйкес «Соңғы қоңырау» салтанатты жыны 11 сыйнып оқушыларына мектеп қабырғасында 25.05 күні сағат 09.00-де басталатыны және 45 минут өтетіндігі жөнінде айтты.

Келесі сөзге шыққан М.Абдиев мерекелік іс-шараға ата-аналардан қаржы жнау фактілердің алдын алу мақсатында мектеп жөндеу жұмыстарына, мұғалімдерге сыйлыққа, ақша жинауға тыйым салынатыны, ондай әрекеттер орын алған жағдайда жауапкершілігі жайлы ескертуі.

Келес АПБ ЖПҚ ЮПТ-ның инспекторы Т.Қоштаев сөзге шығып, аудан көлемінде рейд ұйымдастырылатыны жайлы ескертуі. Оқушыларға мерекелік іс-шарарадан соң кафелерге, табиғат аясына, топтасып көніл көтеру орындарына баруға, автокеруен ұйымдастырып серуендеуге қатаң тиым салынатындығы жайлы айтты. Жарыссөзге шыққан ата-аналармен сыйнып жетекшілер айтылған мәселелерге толықтай қосылатындарын айтты.

Қаулы етеді:

1. Бітіруші түлектерге арналған «Соңғы қоңырау» салтанатты жыны 25.05 күні 09.00-09.45 аралығында мектеп қабырғасында өткізілсін.
2. Мектеп жөндеу немесе мұғалімдерге сыйлық алу мақсатында ата-аналардан қаржы жиналmasын.
3. Мерекелік іс-шарарадан соң оқушыларды серуендеу, мерекелік дастархан ұйымдастыру, табиғат аясына шығармау ата-аналарға міндеттелсін.

Жиналыс төрагасы: 
Хатшы:

М.Абдиев
Ш.Килябаева